

"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы № 47/369-6с шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 4 мамырдағы № 64/559-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 мамырда № 102 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 14/123-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 19.03.2024 № 14/123-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына сәйкес, Шымкент қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы туралы" Шымкент қаласы мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы № 47/369-6с (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26 болып тіркелген, 2019 жылғы 17 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Шымкент қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау, әлеуметтік көмек көрсету және оның мөлшерін белгілеу қағидаларындағы:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бір реттік ақшалай төлемдер түріндегі әлеуметтік көмек азаматтардың мына санаттарына беріледі:

1) 22 наурызда (Наурыз мейрамы) – жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға - 20 АЕК;

2) 7 мамыр (Отан қорғаушы күніне) – жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға, Чернобыль атом электр

станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға - 36 АЕК.";

10-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мерекелі және айтулы күндерге ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне – 360 АЕК;"

10-тармағының 2) тармақшасы алынып тасталсын.

2. "Шымкент қаласы мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесі Шымкент қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімнің Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы

мәслихаты сессиясының төрағасы

Р. Бектурганов

Шымкент қаласы

мәслихатының хатшысы

Г. Ташкараев